

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ**



Көрінбейтін ортодонтия



Орындаған: Ташкенбаева Д.Қ.
Қабылдаған: Лұқпанова Ш.З.
Курс: 5
Тобы: ст12-001-02

ЖОСПАР:

I. Кіріспе.

II. Негізгі бөлім:

- Мөлдір алынбалы элайнерлер;
- Көрінбейтін немесе лингвальды брекеттер.

III. Қорытынды.

IV. Пайдаланылған әдебиеттер.

Кіріспе

- Қазіргі таңда кейбір тіс қатарының аномалияларын түзету негізінде кезекті ортодонтиялық технология пайда болды. Соңғы уақытта адамдардың көбісі өздерінің тістерінің сыртқы көрінісіне көңілдері толмайды, әсіресе үлкен адамдар. Бұл жағдай олардың сөйлеу, күлу кезінде ыңғайсыздық тудыртады. Әдемі күлкі адамдардың бейнесіне әсірін тигізіп қана қоймай, сонымен қатар оларға үлкен сенімділік тудырады. Ортодонтия дәл осы сұрақтардың жауабын табатын стоматологияның негізгі филиалы болып табылады.

Мөлдір алынбалы элайнерлер

Бүгінгі таңда ортодонтиялық каппалар тістерді брекетсіз түзету және тістемді жөндеу мақсатындағы ең жоғары технологиялық және ең заманауи тәсіл болып табылады.

Компьютеризирленген технология көмегімен емдеу алдында диагностика жасалынып, соңғы нәтиже мен тістердің сыртқы көрінісі құрастырылады. Мөлдір алынбалы элайнерлер (каппа) әр науқасқа жеке жаслынады және әр 2 апта сайын ауыстырылады.



Көрінбейтін немесе лингвальды брекеттер.

- Басты артықшылығы - тістерде мүлдем байқалмайды. Тістердің ішкі бетінде орналасқандықтан науқасқа және дәрігерге де тістердің жылжуын визуальді бақылау және олардың ауыз қуысының жұмсақ тіндеріне, ерінге, жалпы бет келбетіне қатынасты орналасуын бағалауды оңайлатады. Эстетикалық мәселелер болмағандықтан науқастың тез арада ортодонтиялық емнің тоқтату мүмкіндігін азайтады (мысалы, тоймен байланысты)



Мөлдір каппалардың брекеттен айырмашылығы неде?

- Элайнерлердің басты артықшылығы – олар күлу кезінде жәнесөйлеу кезінде көрінбейді. Ең эстетикалық брекеттердің өздері тістердің вестибулярлы бетінен жабыстырылады, айналадағыларға байқалады.
- Тістемді каппамен емдеу кезінде қызыл иектің ұрттың және тілдің брекет жүйеге қарағанда зақымдалуы болмайды.



- Кез келген ортодонтиялық ем маманға коррекция және бағалау үшін жиі келуілерін талап етеді. Егер сіз өзі лигирленетін брекет жүйесін қолдансаңыз 5 аптада 1 келуіңіз керек.
- Брекеттерге қарағанда элайнерлер тістердің кіреукесін зақымдамайды, нәтижесінде тіс жегі мен жағымсыз иістен қорғайды. Себебі, гигиеналық процедураларда науқас қалыпты режимде қосымша ортощетка, иррегатор және басқа да құралдарсыз жасай алады.



Көрінбейтін брекеттердің қандай артықшылықтары бар?

- Басты артықшылығы - тістерде мүлдем байқалмайды. Тістердің ішкі бетінде орналасқандықтан науқасқа және дәрігерге де тістердің жылжуын визуальді бақылау және олардың ауыз қуысының жұмсақ тіндеріне, ерінге, жалпы бет келбетіне қатынасты орналасуын бағалауды оңайлатады.

- Тағы бір артықшылығы, маман үшін маңызды болып табылатын – кезеңдермен тістердің жылжуын жоспарлау және оптимальды нәтижеге жету үшін барлық параметрлері қарастырылған брекеттерді жасау. Шынына келгенде, жеке тапсырыспен жасалынған лингвальды брекеттердің бағасы өте жоғары, бірақ жүз пайызға өзін ақтайды.

- Келесі артықшылығы – лингвальды брекеттерді қолдану кезінде қызыл иек қабынулары және гингивит вестибулярлы жүйелерге қарағанда сирек кездеседі.



Invisalign – Элайнерлерінің артықшылықтары

- Элайнерлердің жеке-дара дайындалуы науқастың тістері үшін мінсіз сәйкес келуін қамтамасыз етеді, бұл тітіркену мен жырықтардың болу қаупін төмендетеді.
- Invisalign жүйесі науқастың емінің қашан аяқталатынын болжауға мүмкіндік беру үшін құрастырылған . Емді бастамай тұрып науқас соңғы нәтижені көре алады. Align Technology ClinCheck® программасының көмегімен емдеудің виртуальді жоспары жасалынады. Ем басталмастан бұрын соңғы нәтижені көруге болады, яғни ем барысындағы тістердің жылжу бағытын бақылауға болады.



□ Элайнерлер брекetterге және доғаларға қарағанда айналадағыларға байқалмайды. Оңай шешіледі, тағам қабылдау кезінде ыңғайсыздық туғызбайды.

□ Элайнерлер – дұрыс емес тістемді түзетудің гигиенасы жоғары тәсілі. Invisalign басты артықшылығы – тағам қалдықтары тұрып қалатын металл ленталардың, брекetterдің болмауы. Invisalign шешуге болатындықтан тіс қақтарының өсуін, тістердің қажалуын және қызыл иек ауруларын алдын алуға мүмкіндік береді.



Пайдаланылған әдебиеттер:

- www.advanceddentalclinics.gr
- implantant.ru



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!